



Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 22 желтоқсан N 1445. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1809 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне министрдің 5 орынбасарын, оның ішінде - министрдің бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 17 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің орталық аппараты қызметкерлерінің шекті штаттық саны 41 адамға көбейтілсін.

3. Департаменттердің директорлары құқықтық жағынан және

лауазымдық жалақыларының деңгейі бойынша министрдің орынбасарына теңестіріледі деп белгіленсін.

(4)

<*>

Ескерту. 4-ші тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 1995.11.02.

N 1442 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Әділет министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, бір ай мерзімде бұрын қабылдаған үкімет шешімдерін осы қаулыға сәйкестендіру туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулысының жобасын ұсынатын болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 1445 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда
министрлігі орталық аппаратының

ҚҰРЫЛЫМЫ

Ішкі сауда департаменті

Қара металлургия департаменті

Түсті металлургия департаменті

Химия өндірісі департаменті

Машина жасау департаменті

Қорғаныс өнеркәсібі департаменті

Өнеркәсіп және сауда саясаты жөніндегі бас басқарма

Халықаралық сауда бас басқармасы

Шет елдермен сауда-экономикалық байланыс жөніндегі
бас басқарма

Экономика, кәсіпорындарды санкциялау және нарық қатынастары
бас басқармасы

Бухгалтерлік есеп, қаржыландыру, кадр саясаты және арнаулы
жұмыстар басқармасы /жетекші/

Сыртқы экономикалық қызметтерді реттеу басқармасы /жетекші/

<*>

Халық тұтыну тауарлары басқармасы

Мемлекеттік сауда инспекциясы

Жалпы бөлім

Еңбекті қорғау, экология және энергияны сақтау басқармасы

<*>

Шарт-құқық жетекші бөлімі (жетекші)

<*>

Жұмылдыру даярлығы мен азаматтық қорғаныс бөлімі

<*>

Ескерту. Қосымшаға толықтырулар мен өзгерістер енгізілген -
ҚРМК-нің 1995.07.19. № 1000 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК